

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №74-75 (6637) 19 тамыз, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ»

байқау-көрмесінің өңірлік кезеңі өтті

Республика сарайы алдындағы Абай алаңында «Қазақстанның үздік тауары» республикалық байқауының өңірлік кезеңі өтті. Айтулы іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Райымбек Баталов, сондай-ақ кәсіпкерлер мен қала тұрғындары қатысты.

Алматы – Қазақстанның ірі мегаполисі ғана емес, шағын және орта бизнестің орталығы. Қалада тіркелген ШОБ субъектілерінің саны ел бойынша ең жоғары деңгейде. Демек, мұнда ұсынылатын өнімдер де сан түрлі, сапасы да жоғары болуы заңдылық.



НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ: «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады». АБАЙ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ:

мемлекет қолдауына мұқтаж балаларға материалдық және әлеуметтік көмек көрсетіледі

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін жыл сайын елімізде «Мектепке жол» республикалық акциясы 1 тамызда басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Осыған орай, жаңа оқу жылы қарсаңында мемлекеттің қолдауына мұқтаж балалардың барлығына дер кезінде материалдық және әлеуметтік көмек көрсетілуі тиіс.

Рая ЕСКЕНДІР

Үкіметте биыл осы мақсат үшін 23 млрд. теңгеден астам бюджет қаражаты көзделген. Қомақты қаражат кемінде 500 мың баланы әлеуметтік қолдауға мүмкіндік береді. «Өңір әкімдері осы жұмысты бақылауға алсын. Сондай-ақ, Оқу-ағарту министрлігі өңір әкімдіктерімен бірге 1 қыркүйекке дейін барлық оқушыны оқулықтардың толық жиынтығымен қамтамасыз етсін. Мектептегі тамақтандыру сапасы балалардың денсаулығы мен

дамуы үшін маңызды бағыт саналады. Денсаулық сақтау министрлігі мен өңір әкімдіктері тамақтандыру стандарттары мен санитариялық нормалардың сақталуына бақылауды күшейтуі қажет», – деді Премьер-министр Олжас Бектенов.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы барысында жүрегі жомарт, қолы ашық жандардың қашан да еңсесі биік, жүзі жарқын екенін көріп, олардың ізгі амал көрсетуі қоғамды адамгершілікке үндейтін асыл қасиет екеніне тәнті боласыз. Әсте, адам баласы қашаннан қамқорлықты қажет ететін жандарға қолушын беру арқылы жақсылыққа қадам жасайды. «Жақсылық қылсаң – жасыр, Жақсылық көрсең – асыр» демекші, қайырымдылық пен адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, қолдан келген жәрдемін ұсынған адал пейілді жандардың арамызда әлі де бар екендігі ерекше қуантады. Дәл қазір «Мектепке жол» акциясының басталғаны жөніндегі ақпарат барлық ата-аналарға әртүрлі мессенджерлер арқылы жеткізіліп, сайттарда, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та орналастырылды. Көмекке мұқтаж балалардың мәліметтер



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

базасы құрылды. Азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою үшін жедел желілер мен сенім телефондарының жұмысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, демеушілерді, меценаттарды, мемлекеттік құрылымдарды қайырымдылық көмек көрсетуге тарту бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Негізгі қаражат жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын «Жалпыға бірдей оқыту» қорынан бөлінеді. Қаражат мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға бағытталып отыр.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



@TikTok



@AQSHAM_NEWS



www.aqshamnews.kz





ГЕОСАЯСАТ

АҚШ–РЕСЕЙ:

АНКОРИДЖ САММИТИ

Жаһандық саяси күш орталықтары дипломатияға жүгінуде

Соңғы жылдары мемлекеттер Сарасындағы дипломатиялық байланыстардың әлсіреп кеткені баршаға мәлім. Өткен аптада жаһандық БАҚ назары АҚШ-тың Аляска штатында, өткен АҚШ және РФ басшыларының соңғы 5 жылдағы алғашқы кездесуіне ауды.

Аталмыш АҚШ–РФ саммитінде Украина мәселесі, жаһандық энергетикалық сауда мәселелері сынды маңызды тақырыптар талқыланды. Кездесуден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесіп, әріптесін АҚШ Президенті Дональд Траппен Анкориджде өткен кездесу қорытындысымен құттықтады.

Қазақстан Президентінің пікірінше, келіссөздер Ресейдің Украина жөніндегі ұстанымын америкалық тараптың жақсы түсінуіне септігін тигізді. Бұл күрделі мәселенің шешімін іздеуде ортақ тіл табысуға көмектеседі. Қасым-Жомарт Тоқаев Аляска саммитін Ресейдің халықаралық позициясын және әлемдік аренадағы өзара түсіністікті нығайту тұрғысынан айтулы кездесу болды деп бағалады. Сапардың сәтті ұйымдастырылғанын, бүгінгідей күрделі жағдайда мұның саяси мәні зор екенін атап өтті. Владимир Путин өз тарапынан әріптесіне Аляскада өткен келіссөздің кейбір нақты аспектілері туралы мәлімет берді.

Саммиттің ізін ала Брюссельде В.Зеленский ЕО елдері басшыларымен кездесіп, 18 тамызда Вашингтон қаласында АҚШ Президенті мен ЕО елдері Украина мәселесі бойынша кездесу өткізді. Мақаламызда жаһандық геосаясат тақтасындағы өзгерістердің еліміз үшін маңыздылығы мен ерекшелігін талдап көрелік.

- Барлық әскери қақтығыстың соңы дипломатиялық келіссөз арқылы шешілген.
- Украина жерінде дағдарыс басталғалы халықаралық институттардың рөлі әлсіреді.



(Дереккөз: Peace Research Institute, Oslo).

- Бейбітшіліктің өтемі тараптар толық өтеуге дайын емес.
- Соғыста жеңімпаз болмайтыны ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде қайта дәлелденіп отыр.

КЕЗДЕСУ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Дональд Трамп пен Владимир Путиннің Аляска штатындағы кездесуінің қорытынды нәтижесінен гөрі символикалық мәні басымырақ болды. Жаһан назарын аударған саммит қорытындысы бойынша өткізілген баспасөз конференциясы 13 минутқа созылып, журналистердің сұрақтарына жауап берудің орнына жалпылама мәлімдеме жасаумен шектелді. Екі тарап та қандай да бір мәселе бойынша ортақ келісімге келгенін жарияламағанымен, қос ел президенті бір-біріне деген құрмет, мақтау сөздерін бірнеше рет атап өтті. Тіпті, В.Путин баспасөз конференциясында ағылшын тілінде келесі кездесуге Мәскеуге шақырамын деп мәлімдеді. Анкоридждегі саммиттің қорытындысында жаһандық дипломатия жеңіске жетті дей аламыз. Себебі, біріншіден, алғаш рет Ресей тарапы президент деңгейінде Украина мәселесі бойынша ашық дипломатиялық келіссөз үстеліне отырды. Осыған дейін Түр-

кияда, Сауд Арабиясында өткен келіссөздерге тек өкілдерін жібергенін ескерсек, Аляскадағы кездесу – маңызды дипломатиялық қадам. Екіншіден, саммит аясында тараптардың нақты ұстанымы, бейбітшіліктің құны символикалық сипатта болсын айқындалды. Саммит басталмай тұрып Д.Трампың журналистерге берген сұхбатында Анкоридждегі кездесу болашақтағы сериялы кездесулердің бастамасы болмақ деген тұжырымы шындыққа айналғандай.

Аляскадағы саммиттің Украина дағдарысына нүкте қоя алмайтынының себебі де айқын еді. Себебі, Еуропалық Одақ елдерінсіз, Украина тарапынсыз, сырттай шешім қабылдау, халықаралық құқық тұрғысынан шешімнің легитимділігін төмендетіні айқын. Сондықтан да ізін ала Дональд Трамп Еуропалық Одақ елдері мен Украина басшылығын ресми түрде Ақ үй төріне шақырды.

БРЮССЕЛЬДЕН – ВАШИНГТОНҒА ДЕЙІН

Кез келген соғыста тараптар бейбітшілікті қалайды. Бірақ мүдделер бір арнада тоғыспағандықтан, шешімді қару арқылы табуға тырысады. Украина дағдарысынан да осын-

«Оңтүстік Корея» кейсі:

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС

елдің әскери әлеуетіне кері әсер ете ме?

10 тамызда Оңтүстік Кореяның Қорғаныс министрлігі елдің әскери күш-қуатына талдау жасалған маңызды құжатты жариялады. Ондағы дерекке сүйенсек, соңғы алты жылда корей әскері 20%-ға қысқарған. Бұған ерлердің санының азаюы басты себеп ретінде аталған. Оңтүстік Корея әлемде туу көрсеткіші ең төмен мемлекет. Мақалада Оңтүстік Кореяның мысалында демографиялық жағдайдың елдің әскери әлеуетіне әсері талданбақ.

ҚАРЖЫ КӨБЕЙГЕНІМЕН, ӘСКЕР САНЫ АЗАЮДА

2022 жылдан бері әлемде милитаризация үдерісі қарқынды жүруде. Қорғаныс саласына құйылатын қаржы көлемі артып, әскери салаға көбірек көңіл бөлінуде. Бұл үдерістен Оңтүстік Корея да тыс қалмады.

Оңтүстік Корея әскери салаға бөлінетін қаржы бойынша әлемнің 10 үздік еліне кіреді. Стокгольм бейбітшілік мәселелерін зерттеу халықаралық институты (SIPRI) жариялаған 2024 жылғы әскери шығындар рейтингінде Оңтүстік Корея 9-орынды иеленген. Былтыр Сеул әскери салаға 46,4 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлген. Салыстырар болсақ, бұл көршісі – Солтүстік Кореяның әскери бюджетінен 29 есе артық.

Global Firepower рейтингінде әскери

күш-қуаты бойынша Оңтүстік Корея үздік бестікке кіреді. 2025 жылғы рейтингте 145 елдің ішінде 0,1656 ұпаймен 5-орынды иеленген. Мемлекеттің көрсеткіші неғұрлым 0-ге жақын болған сайын соғұрлым әскери күш-қуатты болады.

Бірақ Сеул әскери салаға қаржы көп бөлсе де, қорғаныс саласында тәуекелдері жоқ емес. Соның бірі – демографиялық дағдарыс. Елдің Қорғаныс министрлігі жариялаған есепте соңғы алты жылда әскер саны азайып, 450 мыңға қысқарған. Оңтүстік Кореяның әскери құрамы 2000 жылдардың басынан бері тұрақты түрде азайып келеді. Ол кезде шамамен, 690 мың сарбазы болған. Қысқару қарқыны 2010 жылдардың соңында күшейді, ал 2019 жылы 563 мың белсенді әскери қызметкер мен офицер қалған.

Бұған әскери қызметке міндетті шақырылу жасындағы ерлер санының күрт төмендеуі басты себеп болған дейді министрлік. Кореяда міндетті әскери жас – 20 жас болып саналады. 2019 бен 2025 жыл аралығында 20 жастағы ерлер саны 30%-ға азайып 230 мың болған.

Бұдан бөлек, Қорғаныс министрлігінің мәліметінше әскери қызметке жарамды ерлер санының күрт азаюы офицерлер тапшылығын да туындатып отыр.

Әскери қызметке міндетті шақырылу жасындағы ерлер санының азаюына елдегі демографиялық дағдарыс себеп болып отыр. Оңтүстік Корея – әлемдегі ең жылдам

қартайып бара жатқан қоғамның бірі. 2024 жылы туу коэффициенті 0,7 болған. Ол дүние жүзіндегі ең төмен көрсеткіш. Бұл коэффициент бір әйелдің өмір бойында дүниеге әкеледі деп күтілетін орташа бала саны. 2024 жылы корейлықтар саны 51,7 млн. болған. Үкіметтің болжамы бойынша 2070 жылдарға қарай халықтың саны 40 млн.-ға дейін азаюы мүмкін.

СЕУЛ ДАҒДАРЫСТАН ҚАЛАЙ ШЫҚПАҚ?

Биыл шілдеде сайланған Оңтүстік Корея президенті Ли Чжэ Мён сайлауалды бағдарламасында қауіпсіздік пен әскери салаға, демографиялық жағдайды түзеуге аса мән берген. Сайлауалды бағдарлама 10 бөлімнен тұрады. Оның 4-бөлімі сыртқы саясат пен қорғаныс саласына, ал 9-бөлімі демографиялық салаға арналған.

Сыртқы саясат пен қорғаныс саласына мынадай басымдықтар бар: Солтүстік Корея ядролық қару қаупін кезең-кезеңмен азайту; Әскери шиеленісті төмендету және сенім шараларын енгізу; Корея–АҚШ одағы аясында баллистикалық зымыран және қорғаныс жүйесін жетілдіру; Соғыс уақытындағы операциялық басқаруды Кореяға қайтару.

Көріп тұрғанымыздай, Сеул Пхеньянды негізгі сыртқы қауіп ретінде есептейді. Ал негізгі әскери серіктес ретінде АҚШ-пен байланысты нығайтуға мүдделі. Бұдан бөлек, Ли Чжэ Мён әскердегі әйелдер санын арттыруды көздеп отыр.

дай ньюансты көріп отырмыз. В.Зеленский қазір ресми Мәскеудің дегеніне көніп, келісімге келсек, бір жылдан кейін соғыстың қайта басталмауына кім кепілдік береді деген пікірді алға тартуда. Сондықтан Украина қауіпсіздік кепілдігін қажет етеді деген ұстанымда. Бірақ қауіпсіздік кепілдігі НАТО құрамына мүшелік арқылы қамтамасыз етіле ме, әлде ЕО елдері мен Украина арасында жеке форматтағы шарт арқылы бекітіле ме? Бұл тараптардың өзара сеніміне байланысты болмақ.

Украинадағы тұрақтылықтың орнығуына мүдделі екі тарап болса, соның бірі – Еуропалық Одақ дер едік. Себебі, ЕО біріншіден, тікелей шекаралас ел, екіншіден, ЕО елдері үшін соңғы жылдары РФ басты қауіп көзі ретінде айқындалып отыр. Сондықтан Украина бойынша қол қойылатын кез келген келісім ресми Брюссельдің келісімінсіз мүмкін емес.

В.Зеленский Ақ үйге сапарының алдында Брюссельде НАТО-ға мүше елдердің онлайн саммитіне қатысып, ЕО мүше елдері басшыларымен кездесіп, бейбітшілік жоспарын талқылады. Дүйсенбі күні арнайы Ақ үйдің шақыруымен алғаш рет бірнеше ЕО елдері басшыларымен бірге В.Зеленский де бейбітшілік жоспарын талқыламақ.

Әзірге белгілісі, Украинаның осыған дейін талап етіп келген: Қырымды қайтару, НАТО-ға мүшелікке өту, соғыс шығынын өндіру сияқты шарттары шындыққа айнала қоймайды. Бірақ соғыс тоқтайтын болса, қақтығыстың қайта басталмауын қамтамасыз ету үшін үш тараптық арнайы қауіпсіздік кепілдігі туралы келісімге қол қоюы мүмкін. Егер соғыс тоқтап, бейбітшілік қайта салта нәр құрса, биылғы жылдың бейбітшілік жөніндегі Нобель сыйлығын кім алатынын алдын ала білетін боламыз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



9-бөлім: «Туу деңгейінің төмендеуі мен қартаю дағдарысын еңсеру және бала мен қарттарға бірдей қамқорлық көрсететін мемлекет» деп аталады. Ли Чжэ Мённің мақсаты туу көрсеткішінің төмендеуі мен қартаю мәселесін шешу, сондай-ақ халыққа қамқорлық деңгейін арттыру болып саналады. Ол өз мақсатын мына жолдармен іске асырмақ:

- Жаңадан үйленген жас отбасыларға көп бала тууы үшін мемлекеттік қолдауды кеңейту;
- Жаңадан үйленген жас отбасыларға арналған мемлекеттік жалдамалы тұрғын үй санын көбейту;
- Бедеулікке шалдыққан ерлі-зайыптыларға медициналық емдеуді қолдауды күшейту.

Оңтүстік Кореяның кейсінен демографиялық дағдарыстың әскери әлеуетке қаншалықты кері әсері бар екенін аңғарамыз. Әскери-қорғаныс техникасының дамуы, қорғаныс саласына бөлінетін қаржының артуы әскери күш-қуатты арттыруға жеткіліксіз болуы мүмкін. Әскердің саны да шешуші рөл ойнайды. Сондықтан демографиялық жағдай (туу көрсеткіші) мен әлеуметтік-медицина саласы әскери әлеует үшін аса маңызды. Бұл кейстің тәжірибесін Қазақстанға да қолдануға болады. Себебі, биылдан бастап елімізде беби-бум кезеңі аяқталды. Туу көрсеткіші азайып, бұл үдеріс 10 жылға созылуы мүмкін.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ұстаздар қауымының биылғы республикалық Тамыз конференциясы «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбына арналды. Дәстүрлі алқалы жиынның пленарлық отырысына қатысып, сөз сөйлеген Мемлекет басшысы оқу-ағарту саласына қатысты бірқатар тұшымды ойларын ортаға салды. Спикер атап өткендей, ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуға тиіс. Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Олар күнделікті қажырлы еңбектері арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп, халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жүр. Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқаруда. Ел ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуы тиіс.

Сонымен, ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған өте маңызды басқосуда Президент не деді? Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстаздарға аманаттаған бес тапсырмасына орай түйіндеген ой-орамдары мен тұжырымдарын зерделеп, оқырмандарымыздың назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Мемлекеттік қызмет: меритократия қағидаты

«Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алдық. Бұл – ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылды. Елдегі саяси жүйе толық жаңғырды. Ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Қоғамымыз дамып, азаматтардың сана-сезімі өзгеруде. Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шықты. Билікте де «отбасылық жүйе» жоқ. Азаматтарды қызметке тағайындау кезінде ең алдымен олардың білімі мен кәсіби білігі ескеріледі. Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Заңды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды.

Біз өркениетті ел боламыз десек, ұстаздарға барынша жағдай жасауымыз керек. Мен білім беру саласына айрықша мән беремін. 2019 жылы Президент ретінде қабылдаған алғашқы шешімдердің бірі ұстаздарға қатысты болғанын білесіздер. Біз – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттің саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді.

КЕРЕК ДЕРЕК
• **2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды.**
• **«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланды. Қазір 128 мектеп салынды.**
• **«Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді.**
• **Соңғы төрт жылдың ішінде мұғалімдер жалақысы 2 есе өсті.**
• **Педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы бес жылда екі есе көбейді.**
• **Жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы 84 мың теңге болады.**

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашауын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек. Жалпы, білім беру стандарттарына, оқыту әдістемесіне, оқулыққа енгізілетін кез келген өзгерісті өте мұқият саралау қажет. Себебі, білім саласында ешқандай қателікке жол беруге болмайды.

Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ, мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын. Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Ұрпақ жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, әділ, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар бәсекеге қабілетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер

Білім – мемлекет үшін стратегиялық мәні бар сала



айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс. Себебі, жауапкершілік бәріне – ортақ. Хакім Абай да «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан. «Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде – еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі, бұл жол тек тығырыққа тірейді. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы – осы бағыттағы нақты шараның бірі. Мен бұған дейін де айттым. Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге, бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады. Қолы таза адам жемқорлыққа бармайды, адал болады. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатыны сөзсіз.

Баланың бәрі – бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы».

Ұрпақты әлеуметтік кеселдерден сақтау – маңызды басымдық

«Балалар өмірлік дағдының көбін мектепте меңгереді. Олар мұнда тәртіпке бағынып, жүріп-тұру ережелері мен әдеп нормаларын сақтауды үйренеді. Сондықтан мектеп өзара құрмет пен жанашырлыққа толы үйлесімді қоғамның үлгісі болуға тиіс. Балаларды жауапкершілікке баулып, оларға кез келген әрекеттің салдары болатынын түсіндіру маңызды. «Заң мен тәртіп» қағидаты тәрбие жұмысының ажырамас бөлшегіне айналуға тиіс. Ең басты міндет – осы тұжырымдаманың мән-маңызын түсінікті тілде, озық педагогикалық әдістер арқылы өскелең ұрпақтың санасына сіңіру. Бұл іске барша ұстаздар қауымы атсалысуға тиіс. Өйткені, бұл – мемлекеттік маңызды бар міндет. Балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау үшін олардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Жас ұрпақтың көп уақытын Интернет пен әлеуметтік желілерде өткізетіні жасырын емес. Олар жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсуі ықтимал. Сол себепті, әр педагог балаларды өз эмоциясын ұстауға, кез келген нәрсеге немесе жағдайға байыппен қарап, дұрыс шешім қабылдауға үйретуі керек. Нашакорлық пен лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және бұзақылық сынды зиянды әдеттермен күресуде мұғалімдер айрықша рөл атқарады.

Жас ұрпақ арасындағы наркотизмге қарсы іс-қимылға бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ең бастысы, әртүрлі стимуляторлармен әуестену, тіпті ол зиянсыз болса да, түбі жарға жығатынын балалар мен жастарға түсіндіру қажет. Зиянды заттарды тұтыну немесе виртуалды ойындар арқылы шындықтан ажырап, қиялға ерік беру адамды айналасына жексұрын қылып, қоғамнан шеттетеді. Шын мәнінде, мұндай жандар өз болашағына балта шабады. Олар жақсы жұмыс тауып, берекелі отбасын құру мүмкіндігінен айырылады. Өзінің дарынын көрсетіп, биік мақсаттарға жете алмайды».

«Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс»

«Зорлық-зомбылыққа, әлімжеттікке, яғни буллингке, қатыгездік пен озбырлыққа мүлде жол берілмеуі керек. Соңғы екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, кәмелет жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды, бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзіреті кеңейді. Сондай-ақ, тағы бір өзекті мәселе – балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-коды орнатылды. Жаңа оқу жылынан бастап мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллингке қарсы «ДосболLIKE» атты бағдарлама іске қосылады.

Негізгі мақсат – балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл бағыттағы маңызды жұмыс тоқтамайды, жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі әрдайым мемлекет назарында болады. «Не ексең, соны орасың» деген. Қазір біз бір қоғам болып жас ұрпақтың бойына қандай құндылықтарды сіңірсек, ертең ондаған жылдан кейін

ұлтымыздың сапасы да сондай болмақ. Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі мектепте қаланады».

Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект

Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқын үдетуі өте маңызды. Цифрландыру мен жасанды интеллектті игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады. Бүгінде еліміздегі мектептердің 95 пайыздан астамы жылдам интернетпен қамтылған. Аталған көрсеткішті 100 пайызға жеткізу керек. Жерсерік жүйелерінің мүмкіндіктерін осы мақсатқа пайдалануға болады. Мұны жәй ғана инфрақұрылымға теңдей қол жеткізу мәселесі емес, әлеуметтік әділдіктің маңызды идеологиялық қағидаты ретінде қарастырылған жөн.

Сонымен қатар, озық инновациялық тәсілдер ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуына жол ашып, инклюзивті орта қалыптастыруға мүмкіндік беруде. Елімізде мектепке немесе колледжге қабылдау, сондай-ақ басқа мектепке ауысу бойынша барлық негізгі қызметтер цифрлық жүйеге көшірілген. Электронды Үкіметтің мобильді қосымшасында білім саласына қатысты барлық ақпарат жиналған Білім қызметі жұмыс істеп тұр. Білім беру мекемелерін тиісті интерактивті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Оқытуға арналған цифрлық платформалар мен электронды оқулықтар барлық оқушыға қолжетімді болуға тиіс.

Келесі маңызды міндет – балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясын оқытқан жөн. Бұл – болашақта жастарымыздың бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды. Бұл педагогтарға да қатысты. Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек.

«Педагог мәртебесі туралы» заң: ұстаздар құқығын қорғау

«Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуы тиіс. Мен сөз басында ұстаздардың өз міндетінен тыс жұмыстардан босатылғанын айттым. Бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады. Прокуратура органдары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы керек. Сондай-ақ, балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз деп санаймын. Мектептен тыс жерде, ата-аналардың жауапсыздығынан оқыс оқиға болса, оған ұстаз жауапты емес.

«Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Мемлекеттің міндеті – мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мейлінше арттыру. Жалпы, білім саласы – мемлекет үшін стратегиялық мәні бар сала. Сондықтан құзырлы мемлекеттік органдар білім саласындағы мәселелерден сырт қалмауы керек.

Билік те, Сіздер де, құрметті ұстаздар, бір мақсат жолында еңбек етіп келеміз, бұл – өскелең ұрпақтың амандығы және жарқын болашағы. Сондықтан біз алдағы уақытта да мұғалім мәртебесін көтеру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасаймыз».

«Ұстаздық – ұлы миссия»

«Әлем тарихында білім-ғылымды басты орынға қойып, дамудың даңғыл жолына түскен, орасан зор табысқа жеткен елдер аз емес. Білім мен ғылым Қазақстан дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Алдағы жылдары осы міндетті орындауға бар күш-жігерімізді салып жұмыс істеуіміз керек. Бұл – Мемлекет басшысы ретінде мен үшін мызғымас басымдық. Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық – жәй мамандық емес, бұл – ұлы миссия.

Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады. Қазақстанның жарқын болашағы Сіздердің табанды еңбектеріңізге тікелей байланысты. Себебі, сіздер тұтас ұлтты оқытып, тәрбиелеп жатсыздар. Осы жауапкершілікті терең сезініп, қастерлі міндетті абыроймен атқара бересіздер деп сенемін. Сіздердің еңбектеріңіз ең жоғары құрметке лайық».

Әзірлеген Т.ДЕРБИСАЛИН.

(Дереккөз: akorda.kz).



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Бостандық ауданы:

АУҚЫМДЫ СЕНБІЛІК ӨТТІ

Ел көлемінде экологиялық мәдениетті дәріп-теуді мақсат еткен «Таза Қазақстан» республикалық акциясы жалғасуда. Осы игі бастама аясында Алматы қаласы Бостандық ауданында кең көлемді сенбілік ұйымдастырылды.

Дана
САДЫРҚАН

Таңмен таласа басталған тазалық жұмыстарына шамамен 300-ге жуық адам, ауданның түрлі сала өкілдері – мемлекеттік қызметшілер, студенттер мен оқушылар, белсенді тұрғындар және еріктілер жұмыла қатысты. Сенбілік барысында аумақты құл-қоқыстан тазарту, ағаш діндерін әктеу, шөп шабу, жол жабыны мен тротуарларды жуу, қоқысты жинап, шығару жұмыстары атқарылды. Аудан әкімдігі тарапынан қажетті техника мен құрал-жабдықтар дер кезінде жеткізіліп, жұмыс барысы жүйелі ұйымдастырылды. Бостандық ауданы аппаратының Көріктендіру бөлімінің басшысы Арман Нұрғайыпұлы бұл сенбілік жұмыстарының апта сайын тұрақты түрде жүргізілетінін жеткізді:



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

– Бұл игі іс-шараға 8 техника мен 300-дей адам жұмылдырылды. Қала тұрғындарын осындай тазалық іс-шараларына қатысуға шақырамыз. Сенбілік – бұл бір күндік іс-шара емес, бұл – қоршаған ортаға деген құрметтің, елге жанашырлықтың белгісі. Біз өз қаламызды, өз үйімізді таза ұстау арқылы келешек ұрпаққа үлгі боламыз, – деді Арман Нұрғайыпұлы.

Сенбілік нәтижесінде бірнеше тонна қоқыс шығарылып, ауданның экологиялық ахуалын жақсартуға оң әсерін берді. Тек көзге көрінетін тазалық емес, жүректерге ұялатын жауапкершілік пен бірлік бүгінгі күннің рухына айналғандай.

Ұзынағаш ауылының тұрғыны Назгүл Елшібекқызы қала халқына ерекше үндеуін жолдады: «Әр сенбі сайын осындай сенбілік ұйымдастырылады. Ауызбіршілік танытып, әр аудандағы тазалық жұмыстарына қатысамыз. Тұрған жерімізге қоқыс қалдырмай, қаламызды таза ұстауға шақырамын», – деді белсенді.

Қуантарлығы, тазалық жұмысына жастар да белсене араласты. Бүгінде колледжде білім алып жатқан Жазира Құлұмжаева: «Өзім секілді жастарды көп байқаймын. Қала тазалығы адамзаттың өзі үшін жақсы емес пе?! Адамдардың табиғат-анамызға бей-жай қарағанын қаламаймын. Жас та болсам, қалама пайдам тиіп жатса, мен қуаныштымын», – деп, мұндай сенбіліктерге 8-сыныптан бері қатысып келе жатқанын мақтанышпен жеткізді.

Бостандық ауданындағы сенбілікте ерекше көзге түскен Елена Багданова болса, қаланың тазалығы – адамзаттың қолында екенін баса айтты. Ел азаматтары мемлекетіне асқан жанашырлықпен, сүйіспеншілікпен қарауға міндетті деген ойын ортаға салды. «Таза Қазақстан» акциясы жалғасуда. Ұйымдастырушылар барша қала тұрғындарын алдағы сенбіліктерге белсене қатысуға шақырады. Себебі, туған өлкенің тазалығы – әр азаматтың парызы.

ӘЛЕУМЕТ

Тұрғындарды қолдау орталықтары:

ЗЕРДЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Еліміз бойынша 8 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында «Отбасыны қолдау орталықтары» мен «Жастар денсаулық орталықтарының» қызметіне зерделеу жұмыстары жүргізілуде.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері мен орталық мемлекеттік органдардың өкілдері өз жұмыстарын бастады. Аталмыш жиынға ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық комиссия мүшелері Айман Омарова, Гүлмира Қанай мен Марианна Гурина қатысты.

Жалпы, «Отбасыны қолдау орталығы» шаһарымызда ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап жұмыс істей бастады. Бұған қоса, қаладағы сегіз ауданда «Бақытты отбасы» орталығы ашылған. Мұнда тұрғындар психолог, заңгер, сондай-ақ әлеуметтік қызметкердің тегін кеңесін алып, отбасылық қатынастар, бала тәрбиесі, жұмысқа орналасу және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша көмек ала алады. Сонымен қатар, Алматыдағы қалалық емханалар жанынан ашылған 14 «Жастар денсаулық орталығы» да жұмыс істеп жатыр. Бұл орталықтарда аурулардың алдын алу, репродуктивті денсаулықты сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, жасөспірімдер мен жастарға анонимді психологиялық көмек көрсетіледі.

– Қазіргі таңда қаламыздағы Жастар денсаулығы орталықтары 10–29 жас аралығындағы жастарға медициналық, психологиялық, әлеуметтік кеңес беріп, зиянды әдеттердің алдын алу, репродуктивті денсаулықты қор-



ғау, салауатты өмір салтын насихаттау бағытында қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, жастар үшін тренингтер, ақпараттық кездесулер және профилактикалық тексерулер ұйымдастырылады. Мәселен, қаламызда 2024 жылғы желтоқсанда «Отбасыны қолдау орталығы» ашылды. Ол өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсетеді. Мұнда ата-аналар мен балаларға арналған кеңес беру, отбасылық жанжалдарды шешу, дағдарыстан шығу жолдарын табуға көмектесетін бағдарламалар жүзеге асады. Біз әрқашан тәжірибе алмасуға, жаңа идеяларды талқылауға және тиімді ұсыныстарды бірлесе жүзеге асыруға дайынбыз. Егер болашаққа арналған пайдалы тәжірибелеріңіз болса, оларды қуана қабылдап, жұмысымызда қолданамыз, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Зерделеу жұмыстарының мақсаты – орталықтардың жұмысын бағалау, озық тәжірибелерді анықтау, отбасылар мен жастарды қолдау шараларын күшейту, сондай-ақ ел бойынша орталықтар желісін одан әрі дамытуға ұсыныстар әзірлеу болмақ.

АССАМБЛЕЯ–30

КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ МЕРЕКЕСІ

Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында MEGA Alma-Ata сауда-ойын-сауық орталығында Корей мәдениетінің күні өтті.

Дана
САДЫРҚАН

Биыл бұл іс-шара 36-рет ұйымдастырылып отыр. Мерекеге 5000-нан астам қонақ қатысып, қаладағы ең жарқын мәдени оқиғалардың біріне айналды.

Іс-шараның ашылуына қатысушыларды «Алматы Корей Ұлттық орталығының» төрағасы, Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Шин-Лайн» компаниялар тобының президенті Андрей Антонович Шин құттықтады. Ол өз сөзінде алғаш рет Корей мәдениетінің күні 1989 жылы өткізілгенін атап өтіп, содан бері бұл мереке жыл сайын Алматы тұрғындары мен қонақтарын корей этносының тарихы, өнері мен дәстүріне деген ортақ құрмет аясында біріктіріп келе жатқанын айтты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестігі болып саналатын Алматы Корей Ұлттық орталығы құрамында 1200-ден астам резидент және 31 құрылымдық бөлімше бар. Орталық барлық алматылықтар мен қала қонақтарын жыл сайынғы іс-шараға шақырып, оны ұлтаралық келісімді нығайтуға, мәдени диалогты дамытуға және Қазақстандағы корей мәдениетін кеңінен насихаттауға бағыттайды.

«Корей мәдениетінің күні» – бұл бай дәстүрлерді, тілді және Қазақстанда тұрып жатқан корей этносының бірегейлігін сақтау мен жас ұрпаққа жеткізуді көздейтін жарқын мереке.

Іс-шара ұлтаралық құрмет пен бірлікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Мерекелік бағдарлама аясында Алматы Корей Ұлттық орталығының шығармашылық ұжымдары, сондай-ақ Оңтүстік Кореяның «Теоулим» театры мен «Чонгсонг Ариранг» мәдени қорының



әртістері өнер көрсетті. Ұлттық билер мен музыкалық қойылымдар көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Іс-шараның құрметті қонақтары қатарында мемлекеттік және дипломатиялық органдардың өкілдері, Оңтүстік Корея Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы, сондай-ақ Канвондо провинциясының губернаторы болды.

Қонақтар Қазақстанда тұрып жатқан корей халқының тарихымен әрі мәдени мұрасымен жақынырақ танысу мүмкіндігіне ие болды.

Корей мәдениетінің мерекесі Қазақстанда өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдері арасындағы достықты, өзара түсіністікті және мәдени қарым-қатынасты нығайтудың маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді.



■ КОНДОМИНИУМ

Жандос ҚАЙЫРХАНОВ:

ӘР ҮЙДІҢ ТАҒДЫРЫН ТҰРҒЫНДАР ӨЗДЕРІ ШЕШЕДІ

15 қыркүйектен бастап көпқабатты тұрғын үйлерді басқару тәртібі түбегейлі өзгереді. Бұрынғы қарапайым серіктестік нысаны жойылып, тек екі басқару формасы қалады: Меншік иелері бірлестігі (МИБ) және Тікелей бірлесіп басқару (ТББ). Пәтер иелері кооперативтері (ПИК) қайтадан басқарушы компаниялармен теңестірілді. Бұл өзгерістер тұрғындардың өз үйлерін басқаруға белсенді қатысуына, қаржының ашық болуына және жауапкершіліктің артуына жол ашады. Осы жайында Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілі Жандос Маратұлы ҚАЙЫРХАНОВПЕН сұхбаттастық.

АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

– Жандос Маратұлы, жаңа заңның басты мақсаты қандай?

– Негізгі мақсат – ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз ете отырып, тұрғын үйлерді басқаруда тұрғындардың рөлін күшейту. Бұрын бізде МИБ, жәй серіктестік, басқарушы компаниялар сияқты бірнеше форма болды. Енді жәй серіктестік жойылып, тек екі нұсқада жұмыс істейді. Біріншісі – Меншік иелері бірлестігі (МИБ) – әр үйде заңды тұлға ретінде тіркеледі, әрбір үйдің банктерде ағымдағы және жинақтау шоттары болады, барлық шығын мен кіріс бойынша есеп берсе, екіншісі – Тікелей бірлесіп басқару (ТББ). Оны тұрғындар өзара келісіммен, еш жерде тіркелмей басқара алады.

– Бұлардың айырмашылығы неде?

– Айырмашылығы – МИБ заңды тұлға ретінде ресми тіркеуден өтеді, мөрі, төрағасы болады, ал ТББ тек тұрғындардың өзара ұйымдасуына негізделеді. Бұрын ТББ үшін тек 16 пәтерге дейін рұқсат еді, енді пәтер санына шектеу жоқ. Бірақ егер үйде 36 пәтерден көп болса, міндетті түрде ПИК немесе басқарушы компаниямен келісім-шарт жасалады.

– ПИК қайта оралады деген рас па? Олардың мәртебесі қалай өзгереді?

– Бұрын ПИК-терді жою жоспары болған. Алайда, тұрғындардың басым бөлігі бұл ұйымдардан бас тартқысы келмеді. Сондықтан жаңа заңда ПИК-тер басқарушы компаниялармен тең құқыққа ие болып қалды. Енді тұрғындар МИБ құрып, өз өкілетін ПИК-ке немесе басқарушы компанияға бере алады.

15 қыркүйектен бастап көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару субъектілері ретінде басқарушы компаниялар мен ПИК-тер қызмет көрсететін болады. МИБ немесе ТББ тәртібінде әрекет ететін меншік иелері басқару субъектісін таңдауда және қажет болған жағдайда ауыстыруда ерікті.

Кондоминиум нысанын басқару құқығына тек Қазақстан Республикасының «Кәсіби біліктіліктер туралы» Заңына сәйкес біліктілігі расталған қызметкерлері бар

субъектілер ғана ие болады. Басқару қызметі мүлік иелері бірлестігімен жасалған шарт немесе тікелей бірлесіп басқару жағдайында жиналыс хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

Қолданыстағы ПИК-тер заң ресми жарияланған күннен бастап бір жыл ішінде қайта тіркеуден өтуге тиіс. Бұл рәсім жаңа үлгілік жарғы негізінде жүргізіледі.

– Өзгерістер тұрғындарға не береді?

– Біріншіден, тұрғындардың өз үйінің басқаруына тікелей араласуына мүмкіндік туады. Екіншіден, қаржының қайда және қалай жұмсалып жатқанын ашық көру мүмкіндігі артады. Мысалы, банктердегі ағымдағы және жинақ шоттардағы қаржы, кондоминиум объектісін басқарудан түсетін барлық түсімдер – ай сайынғы төлемдер, үй-жай немесе жарнама қасбетін (фасад) жалға беруден түскен кіріс – толықтай меншік иелерінің бақылауында болады. Үшіншіден, ортақ мүлікті күтіп ұстау сапасы жақсарады. Мәселен, бір үйдің тұрғындары басқару ісімен айналысқысы келмесе, МИБ құрып, үйді күтіп-ұстау мен басқару жұмыстарын ПИК-ке немесе басқарушы компанияға тапсыра алады. Ал егер қызмет сапасы көңілден шықпаса, кез келген уақытта келісім-шартты бұзу құқығы бар.

– Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Қазір қала көлемінде тұрғындарға ақпараттық түсіндіру науқанын жүргізу-деміз. Әр ауданда кездесулер ұйымдастырылып, заңдағы жаңа нормалар мен басқару формасын таңдау рәсімі түсіндірілуде. Сонымен қатар, кондоминиум объектілерін тіркеу, жиналыстар өткізу, дауыс беру және құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсетіліп жатыр.

ШЕШІМ – ТЕК ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

– Қарапайым тұрғындардан қазір ең көп қандай сұрақтар түсіп жатыр?



– Көбіне тұрғындар басқару органдарының қаржы-шаруашылық қызметін тексеру, МИБ төрағасын немесе компания басшыларын ауыстыру, басқарушы құрылымдардың қызметінің ашықтығы туралы мәселе көтереді. Әсіресе, айлық немесе тоқсандық есептердің ұсынылмауы жиі сыналады. Сондай-ақ, тарифтерді бекіту, ортақ мүлікті – шатыр, инженерлік жүйелер, фасад, кіреберістерді – күрделі жөндеуден өткізу жөнінде ұсыныстар келеді. Мұндай мәселелер тек тұрғындардың жалпы жиналысында қаралып, хаттамамен бекітіледі және әрбір шешім көпшіліктің келісімімен қабылданады.

– Жиналыс өткізу тәртібіне қандай да бір өзгерістер немесе жеңілдіктер енгізілді ме?

– Бұрын хабарландыруды кемінде 10 күн бұрын тарату қажет еді. Енді бұл мерзім 5 күнге қысқарды. Бұл өзгеріс өзекті мәселелерді – шұғыл жөндеу, бюджет бекіту, басқарушы компанияны таңдау, жылдық смета мен тарифтерді келісу сияқты – дер кезінде талқылап, шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әсіресе, күзгі-қысқы маусым алдында жедел әрекет ету үшін өте қолайлы. Сонымен қатар, енді жиналысты екі форматта өткізуге болады: Біріншісі, жүзбе-жүз, яғни тұрғындардың тікелей қатысуымен; екіншісі, сырттай, яғни жазбаша сауалнама немесе электронды дауыс беру арқылы. Болашақ жиналыстың форматын хабарламада көрсетуге болады және 5 күн өткен соң таңдалған формат бойынша дереу бастауға рұқсат етіледі.

– МИБ төрағасы қанша уақытқа сайланады?

– Бұрын төраға бір жылға сайланатын. Бұл тұрақсыздық тудырды, себебі ол жұмысты енді ғана бастағанда қайта сайлау өтетін. Енді бұл мерзім үш жыл болып бекітілді. Бұл ұзақ мерзімді жоспар құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, МИБ төрағасының өкілеттігі аяқталмай тұрып қайта сайлау өткізуге қатысты шектеу алынып тасталды. Осы тұста айта кетерлігі, алдағы уақытта барлық МИБ төрағалары үй кеңесінің құрамына кіруге міндетті болады. Төраға және үй кеңесінің мүшесі ретінде бекітілу үшін кандидат пәтердің немесе тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі болуы шарт. Сондай-ақ, меншік иесімен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері (жұбайы/зайыбы, балалары, ата-анасы) де кандидат бола алады.

Егер төраға уақытша еңбекке жарамсыздыққа немесе өзге де себептерге байланысты міндетін 15 күнтізбелік күннен астам уақыт орындай алмаса және бұл меншік иелері жиналысы немесе үй кеңесінің хаттамалық шешімімен расталса, онда үй кеңесі өз құрамынан МИБ төрағасының міндетін уақытша атқарушыны сайлайды.

– Ал егер тұрғындар басқару органы құрмаса не болады?

– Егер тұрғындар кондоминиум нысанын басқару тәсілін өзара келісе алмаса, тұрғын үй инспекциясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақытша басқарушы компанияны тағайындайды. Бұрын мұндай мерзім бір жылмен шектелетін, енді МИБ құрылғанға дейін қызметін жалғастыра алады. Ал жаңа салынған үйлерде құрылыс компаниясы тағайындаған басқарушы 2 жылға дейін үйді басқара алады.

– Қарапайым тілмен айтқанда, бұл заң не береді?

– Ең бастысы – тұрғындар өз үйінің нағыз қожайыны бола алады. Қаржының қайда жұмсалатынын, жөндеу жұмыстарының қалай жүргізілетінін – бәрін өздері шешеді. Бұл ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Әр үй бойынша бөлек есеп жүргізу, қаржылық тәртіпті сақтау, шығыстар мен шығындардың жылдық сметасын бекіту міндеттеледі. Заң кондоминиум нысандарын техникалық пайдалану, жыл сайынғы тексеру актілерін рәсімдеу және әр объектіге арналған түгендеу тізбесін жүргізу ісіне ерекше назар аударды. Алдағы уақытта бұл деректер бірыңғай жүйеде жинақталып, ортақ мүліктің жағдайын, оның құрамы мен сәйкестігін бақылауға, сондай-ақ күрделі жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуге мүмкіндік береді.

■ ТҰРҒЫН ҮЙ

ПИК және МИБ:

ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР талқыланды

Әлеуметтік қызметтер үйінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Шархан Тұрсынбаевтың қатысуымен Алмалы ауданының ПИК және МИБ төрағаларына арналған жиын өтті.

Қала тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы заңнамалық өзгерістер талқыланған шараға Алматы қаласы Қоғамдық кеңес мүшелері, тұрғын үй инспекциясы өкілдері мен аталмыш ауданның жауапты сала мамандары қатысты.

Жиында «Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар» жан-жақты түсіндірілді. Арнайы слайд арқылы жаңа нормалардың негізгі тұстары көрсетіліп, басқарма мамандары қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

– Бұл түзетулердің басты мақсаты – тұрғын үй қатынастары мен басқару жүйесін жетілдіру, тұрғындардың құқықтарын қорғауды күшейту, – деді басқарма басшысы.

Кездесуге қатысушылар өз пікірлерін ортаға салып, жаңа ережелерді тәжірибеде қолдануға қатысты сұрақтарын қойды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Басқарма мамандары заңнамалық өзгерістердің маңызын түсіндірді.

Жиын соңында ПИК және МИБ басшылары заңнамалық түзетулердің тұрғындарға тиімді боларына сенім білдірді.

Мұндай түсіндіру жұмыстарының жүйелі түрде жалғасуы қажеттігін атап өтті.

**Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**



ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының өкімімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша 2025 жылы 18 тамызда Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып Алмасхан Сметлаев тағайындалды.

Алмасхан СМАТЛАЕВ –
Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Ол экология, энергетика, көлік және коммуналдық шаруашылық мәселелеріне жетекшілік етеді.

Алмасхан Сметлаев Ресей Федерациясындағы Қаржы университетін «экономика» және «мемлекеттік және муниципалдық басқару» мамандықтары бойынша, сондай-ақ, АҚШ-тағы Блумсберг университетін «халықаралық экономика» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2009 жылы бизнес құрылымдарда бастап,

кейін Еуразиялық экономикалық комиссияда жұмыс істеді.

2014–2023 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысында экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасын басқарды, облыс әкімінің орынбасары, кейін бірінші орынбасары сынды әртүрлі лауазымда қызмет атқарды.

Бүгінге дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып еңбек еткен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЛГЕНІЗ ЖӨН!

ЦИФРЛЫҚ ДИПЛОМ

Бүгінгі таңда жоғары білім және ғылым саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтің 94 пайызы автоматтандырылған.

Құзырлы ведомство ұсынған 28 түрлі қызметтің арқасында жоғары білім саласының мұрағаты толықтай цифрлан-

дырылған. Аталмыш платформада 3,5 млн. дипломның электронды нұсқасы сақталып тұр. Мұнда 1991 жылдан бастап елдегі оқу ордаларын тәмамдаған түлектердің құжаты сақталған. Дипломы жоғалған қазақстандықтар оқу орнына өтініш жазып, жоғалған құжатының баламалы тең нұсқасын 15 күнде ала алады.

ALATAU CREATIVE HUB

ЗАМАНАУИ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ АШЫЛАДЫ

«Жас қанат» шағынауданында заманауи балалар кітапханасы өз жұмысын бастағалы отыр. Интерактивті аймақтары, цифрлық сервистері мен шығармашылық шеберханалары бар бұл кітапхана осы шағынаудандағы балалар үшін тамаша орталыққа айналмақ.

Қалалық Мәдениет басқармасы өкілдерінің мәліметінше, Алматы кітапханаларының жаңа филиалы кітапханашылардың Эстония, Финляндия және Швецияда өткен «Шекарасыз білім» атты халықаралық тағылымдамаға барған сапарынан кейін туындаған идея негізінде жүзеге асқан. Алматылық кітапханашылар Таллинде кітапханалардың балабақша және мектеппен ықпалдасуын, жас ұрпаққа оқыту үлгілерін зерттеген. Сондай-ақ, Швецияда ғылым-технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіретін STEAM-жобаларымен танысып қайтқан. Ал Хельсинкиде цифр-

лық өзін-өзі қызмет көрсету жүйесін, яғни сенсорлы дүңгіршектер мен QR-гидтерді, OODI Ұлттық кітапханасының тәжірибесін зерделеген болатын.

Бұл идеялар қазірдің өзінде енгізіле бастады. Мәселен, дәл қазір кітапханалардың орта білім беру ұйымдарымен әріптестік ауқымы кеңейіп, балаларды мектеп табалдырығын аттаған сәтіннен бастап кітап оқуға баулу мүмкіндігі артып, үйірме бағдарламалары жаңартылды. Осы ретте қаламыздағы Alatau Creative Hub базасында оқу мен шығармашылық кездесулерге арналған жазғы террасса жасақталып отыр.

«Бұл тағылымдама қызметкерлерімізге шабыт қана емес, нақты құралдар да берді. Жаңа филиалда интерактивті аймақтары, цифрлық сервистері және шеберханалары бар заманауи балалар кітапханасы ашылады. Сонымен қатар, 1 қыркүйектен бастап 1-сынып оқушылары үшін ашық есік күндерін өткіземіз, ал аға буынға арналған компьютерлік сауаттылық бағдарламасын күшейтеміз. Мұның бәрі

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ӘРКІМ ӨЗ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН
ТҮСІНУІ ТИІС

Қалаға жұмыс істеуге келген әрбір компания жұмысын адал атқаруға міндетті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының Әкімі Дархан Сатыбалды Наурызбай ауданында жиын өткізіп, оған аудан әкімдігі басшылығы, тиісті басқарма мен коммуналдық қызмет өкілдері қатысты.

ЖАУАПСЫЗ МЕРДІГЕРЛЕР
ЛИЦЕНЗИЯСЫНАН
АЙЫРЫЛАДЫ

Жиында инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысанның құрылысына қатысты бірқатар мәселелер қозғалды. Оның ішінде су және кәріз жүйелерін тарту, мектеп құрылысы бар. Әкім жұмыстың баяу жүруін сынға алып, бұл тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететінін атап өтті. «Бүгін көтерілген мәселелер хаттамаға енгізіліп, бақылауға алы-

нады. Алғашқы кезекте инженерлік желілер, жолдар мен абаттандыру жұмыстары тұр. Себебі, бұл тұрғындарды көбірек алаңдататын жайттар», – деді шаһар басшысы.

«Шұғыла» шағынауданындағы магистральды газ құбырының құрылысына баса назар аударылды. Жұмыстың сапасы мен қарқыны төмен екені, қазылған жерлердің қайта жөнделмей қалуы сынға алынды. «Міндетін дұрыс атқармайтын, лицензиялық талаптарды бұзатын мердігерлер сот арқылы жауапсыз деп танылып, лицензиясынан айырылуы керек. Бір рет қатаң тәртіп орнатсақ, әркім өз жауапкершілігін түсінеді. Қалаға жұмыс істеуге келген әрбір компания жұмысын адал атқаруға міндетті», – деді Дархан Сатыбалды.

6 ЖАҢА МЕКТЕП
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Халық саны өсіп келе жатқан ауданда әлеуметтік нысандарды көбейту де маңызды. Жыл соңына дейін «Келешек мектептері» ұлттық жобасы мен өзге де бағдарламалар аясында 8 мыңнан астам оқушыға арналған 6 жаңа мектеп пен қосымша ғимараттар пайдалануға беріледі.

Жиыннан кейін әкім тұрғындарды қабылдап, ауызсу, жол, қоғамдық көлік, абаттандыру, басқарушы компаниялардың жұмысы және қала құрылысы нормаларына қатысты өтініш-тілегін тыңдады. Әрбір мәселе бойынша түсініктеме беріліп, нақты орындалу мерзімі анықталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ

ЖАТАҚХАНА
ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕДІ

Соңғы жылдары жоғарғы оқу орындарының студенттері үшін жатақхана өзекті мәселеге айналып, тапшылық мәселесінің түйіні шешілер емес. Алматы еліміздегі оқу ордаларының ең көп шоғырланған ортасы болғандықтан, студенттердің басым бөлігі осында оқиды. Сондықтан жатақхана тапшылығының орын алуы да заңды құбылыс.

Осы мәселеге байланысты шаһарға арнайы келген Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, әлі де жатақхана мәселесі өзекті күйінде тұр, яғни 10 мыңға жуық орын тапшылығы бар көрінеді. «Бірінші курс студенттеріне басымдық беріледі. Үш жыл бұрын тапшылық 88 мың орынды құраса, қазір ол 10 мыңға дейін қысқарды. Біз бірде-бір студент кө-

шеде қалмауы керек деген қағиданы негізге алдық. Бұл үшін барлық қажетті шаралар қабылданды», – деді Саясат Нұрбек.

Дәл қазір Алматы қаласында Ахуалдық орталық өз жұмысын бастады. Егер жатақханадан орын берілмесе немесе қоныстануда қиындықтар туындаған жағдайда студенттер Орталық қызметіне жүгінуіне болады. Тіпті, қажет болған жағдайда ЖОО аралық үйлестіру шеңберінде студенттер бос орындары бар басқа оқу орындарының жатақханаларына жіберіледі. Сонымен қатар, қиын жағдайға тап болған студенттерге, мәселен, түнде келген, жатақханаға қоныстанбаған студенттерге Дағдарыс орталығынан 55 орын бөлініп отыр. Уақытша орналас-тыру үшін жылына үш рет тексеруден өтетін хостелдер де қарастырылған.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



МЕРЕЙТОЙ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Журналист, жазушы Бигелді Ғабдуллиннің шығармашылық кеші өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлт-
тық университетінде жазушы,
журналист, аудармашы Бигелді Ғаб-
дуллиннің 70 жылдық мерейтойына
орай шығармашылық кеш өтті.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Алып қара шаңыраққа келген мей-
мандарды ұлттық киімдегі музыканттар
қарсы алып, күйлер мен халық әндерін
ерекше нақышта орындады. Іс-шараға
зиялы қауым, мәдениет және ғылым сала-
сының өкілдері, мемлекет және қоғам
қайраткерлері, жазушының әріптестері
мен достары қатысты.

Бигелді Қайыр досұлы Ғабдуллин –
40 жылдан астам еңбек жолында бірқатар
маңызды редакторлық және қоғамдық
қызметтерді атқарып, қазақ әдебиетін ел
ішінде де, шетелде де кеңінен насихаттау-
ға белсене атсалысқан қоғам қайраткері.
Оның еңбегі ұлттық және халықаралық
деңгейде жоғары бағаланды.

Өткен жылы ол 2022 жылғы қаңтар
оқиғасына арналған «Қаңтар–22: Сәтсіз
мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы»
атты кітабын көпшілікке таныстырды.
Биыл көктемде Мәскеуде «Мораль» және
«СИЗО» атты кітаптарының тұсаукесері
өтті. Бұл еңбектер әдеби ортада кеңінен
талқыланып, қоғамда пікірталас тудырға-
ны белгілі.

Қазақстан Жазушылар одағы басқар-
масының төрағасы, жазушы Мереке Құл-
кеновтың модераторлығымен өткен ша-
рада Бигелді Ғабдуллиннің өмірі мен
шығармашылығы жөнінде бірқатар ес-
теліктер айтылды.

– Қазақтың қара баласы 1955 жылы
31 шілдеде дүниеге келді. Бұйрабас боз-
бала осыдан 44 жыл бұрын ҚазҰУ-дың
Журналистика факультетін бітіріп, үлкен
өмірге бағыт алды. Бұл жылдардан бері
қарай қазақтың белгілі публицисі, жазу-
шысы, аудармашысы, қоғам қайраткері



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бигелді Қайыр досұлы Ғабдуллин деген
үлкен тұлғаны көз алдымызда қалыптас-
тырды. Бүгін сол азаматтың туған күнін
тойлағалы отырмыз. «Казахстанская
правда», Қазақстан Жазушылар ода-
ғында үлкен жұмыс атқарды. Сол кездің
өзінде проблемалық мақалаларды жазуға
қалыптасқан ерекше журналист болатын.
Олжас Сүлейменовтің тұсында Қазақстан
Жазушылар одағының кеңесшісі болды.
Мәскеуден оқып келсе де, қазақ журна-
листикасы мен әдебиетінен алысқа кеткен
жоқ. Қазақтың бар мәселесіне араласқан
бір публицист болса, ол – Бигелді Ғабдул-
лин, – деді Мереке Құлкенов.

Іс-шара барысында Алматы қаласы
Мәдениет басқармасының басшысы Ғани
Майлыбаев Алматы қаласының әкімі Дар-
хан Сатыбалдының құттықтау хатын оқы-
ды:

«Құрметті Бигелді Қайыр досұлы,
сіздің өміріңіздің елеулі белесі – 70 жасқа
толу мерейтойыңызбен құттықтаймын!
Осынау мерейлі белеске сіз жұртқа кеңі-
нен танымал қарымды қаламгер, майтал-
ман журналист, көрнекті қоғам қайраткері
ретінде үлкен рухани қазынамен, зор

абыроймен жетіп отырсыз. Бозбала шақ-
тан қаламды серік етіп, шығармашылық-
пен үздіксіз айналысып келесіз. Бұл – ең
жемісті жылдардың нәтижесі. Көптеген
көркем туындылар, мазмұнды аударма
еңбектер, қоғамдық көкейкесті мәселе-
лерді көтерген өткір көсемсөздер, жаңа
форматты заманауи сипаттағы бірнеше
баспа жобалар, газеттер мен сайттар.
Олар арқылы ұлттық мүдде, адамгершілік,
асыл құндылықтардың дамуы мен өркен-
деуіне, тәуелсіздіктің тұғырын нығайтуға
өзіндік үлес қостыңыз. Әсіресе, заманауи
қазақ журналистикасын қалыптастыруға
қосқан үлесіңіз орасан зор.

Сіз жетекшілік етіп, негізін қалаған
«Новое поколение», «XXI век», «Central
Asia Monitor» басылымдарының ақпарат-
тық кеңістікте өзгеше құбылыс болып,
қоғамдық ой мен сананы қозғауға үлкен
күш-жігер жұмсағаны елге аян. Қазіргі
таңда халықаралық ПЕН-клубқа же-
текшілік етіп, қазақ әдебиетінің әлемдік
деңгейдегі өрісін кеңейтуге аянбай атса-
лысып жүрсіз. Қаламыңызбен де, қайрат-
керлігіңізбен де халыққа қалтқысыз қыз-
мет етіп, әрдайым абырой төрінен көріне

КОНСТИТУЦИЯ – 30

Қазақстан халқы Ассамблеясы:

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен
Алматы қаласы Мәслихатының
«Ынтымақ» депутаттық тобы өкілдерінің
және «Қазақстан Республикасының Ұлттық
ұланы» республикалық мемлекеттік меке-
месінің оқытушылары мен курсанттары-
ның қатысуымен «Қазақстан халқы Ас-
самблеясы мен Конституция: бірлік пен
келісім жолындағы үш онжылдық» тақы-
рыбында кездесу өтті.



Дана
САДЫРҚАН

Іс-шара Қазақстан Республикасы Консти-
туциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының
30 жылдығына, сондай-ақ 2025 жылы жария-
ланған «Жұмысшы мамандықтар жылына»
орай ұйымдастырылды.

– Бүгінгі жүздесуіміздің басты мақсаты –
Ата Заңымыздың 30 жылдығының қарсаңы-
нда Ассамблея атқарып жатқан жұмыстармен
таныстыру, ынтымағы мен бірлігі жарасқан
еліміздің бүгінгі мен жарқын болашағын зерде-
леу. Осы бағыттағы Ассамблеяның қызметін
өздеріңіз жақсы білесіздер. Қазақстандағы
130-дан астам ұлт өкілдері бір ата мен бір ана-
ның баласындай тату. Сондықтан бізге қызыға
да, қызғана қарайтын жұрт көп. Бірлік, ынты-
мақ бар жерде біз дамыған әрі экономикасы
жоғары мемлекеттердің қатарына қосыла



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

аламыз. Басқа мемлекеттерде ұрыс, соғыс
жүріп жатыр, тіпті қаршадай бала-шағаны да,
қарттарды да аяп жатқан жоқ. Халық қаһарма-
ны Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Тәртіп-
ке бағынған ел құл болмайды». Сондықтан
қандай лауазымды тұлға болса да, бәрі заңға
бірдей бағынуы керек, – деді Қазақстан ұй-
ғырлары республикалық этномәдени орталы-
ғының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблея-
сы Кеңесінің мүшесі Долкунтай Алиев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Всеволод ЛУКАШЕВ,
Алматы қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орын-
басары, «Қазақстан орыс мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің
төрағасы:

ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ПАТРИОТИЗМ ЖҮРЕКТЕН БАСТАЛАДЫ

Әскердің негізгі міндеті – құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті
қамтамасыз ету. Ал Қазақстан халқы Ассамблеясының басты мақсаты –
қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті, қазақстандық патриотизмді,
азаматтық және рухани тұтастықты қамтамасыз ету. Сондай-ақ, қоғамдық
ұйым ретінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – үлкен құрылым, конституциялық мәр-
тебесі бар ұйым. Біріншіден, бұл – еліміздің ең көрнекті азаматтары, шығар-
машылық зиялы қауым өкілдері, мәдениет пен ғылым қайраткерлері тоғыс-
қан орта. Екіншіден, бұл – этномәдени бірлестіктердің өкілдері. Әлем мен
Қазақстандағы тыныштық пен патриотизм жүректен басталады. Елімізде
этностардың беделді өкілдерінен тұратын Ақсақалдар кеңесі бар. Әдетте,
жасы үлкен және орта буын өкілдері этнос ішіндегі кез келген мәселелерді
шеше алады. Сонымен қатар, заңды мәртебесі бар құрылым – медиация
кеңесі де бар. Бұл кеңесте барлық даулар сотқа дейінгі тәртіппен шешіледі.

ТҮЙІН:

Ел бірлігін сақтап қалуда мемлекеттегі барлық азамат жауапты.
Бұл – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір отбасының, әрбір
жастың, әр ұлт өкілінің ортақ міндеті. Бірлігіміз – бейбіт өмірдің, тұ-
рақты дамудың кепілі. Сондықтан татулықты ту етіп, өзара түсіністік
пен құрметті басты құндылық ретінде бағалай білуіміз керек.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ»

байқау-көрмесінің өңірлік кезеңі өтті

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Отандық өндірушілерді қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, қазақстандық өнімді тұтыну мәдениетін қалыптастыру және ішкі нарықты сапалы, бәсекеге қабілетті тауармен қамтамасыз етуді мақсат еткен бұл – шараның дәстүрлі түрде өтіп келе жатқанына 20 жылға жуықтады.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы отандық кәсіпкерліктің аяғынан тік тұруы, шетелдік бәсекелестермен қатар тұруы оңайға соққан жоқ. Бүгінде дүкен сөрелерінде «Made in Kazakhstan» деген жазуды көру – әрбір қазақстандық үшін мақтанышқа айналған құбылыс екені анық. Бұл – мемлекеттік қолдаудың, кәсіпкерлердің табандылығы мен халық сенімінің жемісі. Ал үрдіске айналған «Қазақстанның үздік тауары» байқауы осы сенімнің айғағы іспетті. Ол тек қана үздіктерді марапаттап қоймайды, сонымен бірге отандық өнім өндірушілердің абыройын асқақтататын, тұтынушылардың талғамын өзгертетін алаңға айналып отыр.

Сондай-ақ, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында алматылық өндірушілердің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Онда 40-қа жуық шағын және орта бизнес өкілі мен жеке кәсіпкер өнімдерін ұсынды. Жәрмеңке қорытындысы бойынша 10 үздік өндіруші анықталып, олар өңірлік Бренд комитетінің іріктеу кезеңіне жолдама алды.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысушыларды құттықтап, байқаудың кәсіпкерлікті қолдаудағы маңызына тоқталды. Шаһар басшысының айтуынша, өңірлік кезеңнің жеңімпаздары уақыт сынынан өткен өнім сапасының мойындалуына қол жеткізіп қана қоймай, Алматыны ұлттық деңгейде таныстыру жауапкершілігін де арқалайтынын тілге тиек етті.

– «Қазақстанның үздік тауары» байқауы Алматыда игі дәстүрге айналды. Жеңіс – жәй ғана марапат емес, бұл ең әуелі сіздердің өнімдеріңіздің жоғары сапасына берілген баға. Сіздердің тауарларыңызды алматылықтар ғана емес, еліміздің серіктестері де таңдайды. Сіздер ұлттық кезеңде қаламыздың намысын лайықты қорғайсыздар деп сенемін. Алматы – елдегі кәсіпкерлік дамудың нағыз орталығы, әрқайсысыңыз «Қазақстанда жасалған» брендіне үлес қосып отырсыздар», – деді Дархан Сатыбалды.

Сәтін салса, енді өңірлік кезеңнің жеңімпаздары республикалық финалда бақ сынап, «Қазақстанның үздік тауары» атағына үміткер атанады. Көрмеге келген қала тұрғындары сауда алаңын аралап қана қоймай, концерттік бағдарламаны тамашалап, мерекелік көңіл күймен марапаттау рәсіміне де куә болды. Бұл – бір жағынан іскерлік іс-шара болса, екінші жағынан халықтың қатысуымен өтетін үлкен мәдени оқиғаға айналды.

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

ӨНЕР МЕН ДОСТЫҚ МЕРЕКЕСІ

«JAS VIBE» акустикалық кеші жас өнерпаздарға шабыт сыйлады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Әуезов ауданында Халықаралық жастар күніне орай ерекше мәдени іс-шара өтті. Әуезов ауданы комьюнити-орталығының ұйымдастыруымен, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы мен аудан әкімдігінің қолдауымен «JAS VIBE» акустикалық кеші өтті.

Кештің басты мақсаты – жас өнерпаздарға өз шығармашылығын көпшілікке танытуға мүмкіндік беру, жастар арасында мәдени қарым-қатынасты нығайту және өнерлі буынға қолдау көрсету. Тыңдармандар жас әншілердің ғана емес, елімізге танымал әртістердің өнерін де тамашалады. Арнайы дайындалған ырғақты әуендер мен концерттік бағдарлама кешке ерекше сән берді.

– Бұл – Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралардың бірі. Акустикалық кеш жастардың шығармашылығына серпін берді. Жиырмадан астам жас өнерпаз сахнаға шықты.

Біз үшін бастысы – олардың дамуына қолдау көрсетіп, жақсы атмосфера сыйлау, – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмас Кеңесбай.

Іс-шараға 500-ге жуық көрермен жиналды, аудан тұрғындары мен жастар ұйымдарының өкілдері жаңа есімдердің өнерін тамашалады. Әуезов ауданы комьюнити-орталығының басшысы, «Уақыт» қоғамдық қорының төрағасы Бауыржан Махамбет өз сөзінде кештің маңыздылығын атап өтті.

– Бұл акустикалық концерт біздің орталықтың шығармашылық бағыттағы жұмысының бір бөлігі. Бізде театр, би студиясы, вокал курстары тегін жүргізіледі. Бүгін сахнаға шыққан жас таланттар осы курстарда дайындалып, өнерін шыңдап жүрген жастар. Олардың сахнада өз-өзін ұстауынан бастап, ән айту шеберлігін жетілдіруге дейінгі жұмыстарға арнайы ұстаздар көмектеседі. Бүгінгі кеш – сол еңбектің нәтижесі, – деді ол.

Кеш барысында қатысушылар каверлер орындап, өз шығармаларын да көпшілікке ұсынды. Арбат стилінде безендірілген сахна жастарға ерекше рух сыйлады. Ұйымдастырушылар іс-шара соңында тазалық мәдениетіне де назар аударып, волонтерлермен бірге экологиялық жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Жалпы, Халықаралық жастар күні аясындағы мерекелік бағдарлама бірнеше ауданда қамтылып, соңғы нүктені дәл осы «JAS VIBE» кеші қойды. Алматы жастары үшін бұл күн өнер мен достықтың тоғысқан мерекесі болды.

Ернұр РЫСБАЙ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ӘЛЕМНІҢ ТАБИҒАТ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ

Алматыда бас қосты

«Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығында IYNT–2025 жас табиғат зерттеушілердің халықаралық турнирі басталды. Іс-шара 23 тамызға дейін жалғасады.

Турнирге Қазақстан, Ресей, Грекия, Грузия және Пәкістанды қоса алғанда, 5 елден 12 команда қатысып жатыр. Бұл іс-шара балалар мен жасөспірімдерге арналған білім беру саласындағы маңызды халықаралық оқиға болмақ. Себебі, IYNT (International Young Naturalists' Tournament) – 12–16 жас аралығындағы мектеп оқушыларының шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін дамытуға бағытталған бірегей командалық жарыс. Турнирге қатысушылар жаратылыстану ғылымдары саласындағы кешенді тапсырмаларды шешіп, өз зерттеулерін ғылыми форматта ұсынады. Одан бөлек, өз жобалары бойынша пікірталас өткізеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл турнирдің пәндік олимпиадалардан айырмашылығы – IYNT ашық сипаттағы тапсырмаларды ұсынады, оларды орындау үшін дербес зерттеулер, тәжірибелер, логикалық талдау қажет.

– Биыл Халықаралық жас табиғат зерттеушілердің 13-ші турнирі өтіп жатыр. Бұл – мектеп оқушыларына арналған физика, химия, биология сияқты пәндерді біріктіретін ғылыми сайыс.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Балаларға алдын ала зерттеу тапсырмалары берілді, командалар бірнеше ай бойы сонымен айналысты. Енді сол жобаларын қорғап, баяндайды. Басқа командалар таныстырылған жобаны сынап, пікір айтады. Бұл өте қызықты. Қазылар алқасы турнир қорытындысы бойынша баға қояды. Жалпы, жарысымызды «Бөбек» орталығы аумағында екінші рет өткізіп отырмыз. Біріншісі 2023 жылы өтті. Мұнда барлық командалар үшін тамаша жағдай жасалған.

Биыл әртүрлі елден 12 команда қатысып жатыр, ал Қазақстаннан екі команда бар. Бір команда Республикалық физика-математика мектебінен. Ол жерде өте дарынды балалар оқиды. Олардың кейбірі биыл Швецияда өткен Жас физиктердің халықаралық турниріне барған болатын. Ал тағы бір команда «Бөбек» орталығын таныстырады, – деді ұйымдастырушылар өкілі Илья Марченко.

Досбол АТАЖАН.



ӘУЕЖАЙ

АЛМАТЫДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АВИАШОУ

Алматы маңындағы «Байсер-ке» аэродромында әуе мерекесі – әуесқойлар мен кәсіби мамандарды бір арнаға тоғыстырған ерекше әуе шоуы өтті. Бұл күні алматылықтар мен қала қонақтары әуе техникасының заманауи мүмкіндіктерін тамашалап, аспандағы әсем көріністерге куә болды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Аспандағы шоу Қазақстанның Көк байрағын желбіреткен тікұшақтың әуеге көтеріліп, көрерменнің үстінен қалықтап ұшып өтуімен басталды. Штурвал тізгінінде – көп жылдық тәжірибесі бар отандық ұшқыштар. Іс-шара бағдарламасында шамамен, 10 адам парашютпен секірді. Сонымен қатар, 15 түрлі әуе техникасы қатысты. Оның ішінде екі тікұшақ, бір ұшақ және көп мақсатты әуе құралдары болды. Әуе кемелері бірде әуеде қалықтап, алуан түрлі трюктер орындаса, бірде зулаған жылдамдықпен тіке көкке көтеріліп, қас-қағым сәтте тікесінен жерге қарай құлдилады.

Ал парашютшылардың аса дәлдікпен жерге қонуы – әуедегі өнердің нағыз шыңы іспеттес болды. Мұндай әсерлі сәтті он мыңнан астам көрермен демін ішіне тарта тамашалады. Олардың қатарында Қытай, Ресей және Қырғызстаннан арнайы келген қонақтар мен фотографтар да болды. Споттерлер әр сәтті таспалап, әуе шоуының қайталанбас көріністерін әлеуметтік желіге жариялады.

ӘУЕДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХ

Әлемде мұндай әуе шоуларының тарихы өткен ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Алғашқы шоулар XIX ғасырдың соңында басталды. 1909 жылы Францияның Реймс қаласында тұңғыш халықаралық авиациялық көрме ұйымдастырылып, онда ұшқыштар әуе маневрлерін көрсетіп, жаңа ұшақ үлгілерін таныстырды. Бұл – әлемдегі алғашқы ресми авиашоу саналады. Ол кезде ұшақтар жаңа техника болғандықтан, олардың аспанда жасаған қарапайым маневрлерінің өзі көрермендер үшін таңғажайып әсер қалдыратын.

Әскери авиацияның дамуына байланысты әуе шоулары әскери күш-қуатты көрсетудің бір құралына айналды. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген мемлекеттер өздерінің әскери ұшақтарын көрсету үшін ұлттық авиашоулар ұйымдастыра бастады.

Қазіргі заманғы авиашоулар тек ұшақтардың мүмкіндіктерін таныстыру ғана емес, сонымен бірге әуе акробатикасы, парашютшілер өнері, пилотаждық топтардың көрсетілімдері арқылы әлемдік деңгейдегі маңызды оқиғаға айналды. Мысалы, Ұлыбританиядағы Farnborough Airshow, Франциядағы Le Bourget Air Show, Ресейдегі МАКС авиашоуы әлем бойынша миллиондаған көрерменді тартады. Ал Қазақстанда былтыр алғаш рет ұйымдастырылды. Оған дейін соңғы 20 жылда мұндай авиациялық шоулар өтпеді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТЕНДЕССІЗ ӘУЕ МЕРЕКЕСІ

Еліміздің ең үздік ұшқыштары мен кәсіби парашютистері өнер көрсетіп, авиациядағы көпжылдық тәжірибесі мен шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеп, көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлады. Мұндай әуе мерекесі Қазақстандағы авиацияның даму деңгейін ғана емес, ұлттық ұшқыштар мектебінің кәсіби деңгейін де айқын көрсетті. Іс-шараға шама-

мыңдаған көрерменге ерекше әсер сыйлады



Суреттерді түсірген Жансар МАРАТҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Аэлига ФЕДОРОВА,
ұйымдастырушы:**

ҰШҚЫШ БОЛУДЫ АРМАНДАЙТЫН ЖАС ӨРЕНДЕР КӨБЕЙДІ

Өткен жылы осындай іс-шараны алғаш рет өткізген едік. Оның алдында жиырма жылдай уақыт Қазақстан авиациясы тарихында мұндай үлкен көлемдегі әуедегі шоу мүлде болмады. Әрине, алғашқы тәжірибе бізге көп нәрсені үйретті. Ауа райы да қолайсыздау болып, кейбір жоспарларымызды толық орындай алмадық. Бірақ соның бәрінен сабақ алып, биыл дайындықты әлдеқайда жүйелі түрде жүргіздік.

Басты мақсатымыз – халыққа мерекелік көңіл күй сыйлау, балалар мен жастарға авиацияны жақыннан көрсету, Алматы туризмін дамытатын тұрақты мәдени оқиғаға айналдыру. Өткен жылы көптеген адамдар келіп, іс-шараға үлкен қызығушылық танытты. Шын мәнінде, мұндай ірі іс-шаралар өңірге туристерді тартып, туристік кластердің дамуына серпін береді. Яғни болашақта халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік беретін іс-шара деп ойлаймыз. Биыл біз республикалық ауқымда өткізіп отырмыз, ал келесі жылы халықаралық мәртебе алып, шетелдік қатысушыларды да шақыру жоспарда бар.

Авиашоудың басты ерекшелігі – оның әлеуметтік маңызы. Біз балаларға тегін кіру мүмкіндігін бердік. Жастарға арнайы жеңілдетілген тариф енгізілді. Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін де кіру тегін. Мұндай қадамдарымыздың арқасында іс-шараға көп адам келе алады.

Ең бастысы – жастарды техникалық мамандықтарға қызықтыру. Өйткені, балалар ұшақты тек интернеттен емес, көзбе-көз көргенде ғана шабыт алады. Шынайы ұшақтың жанында тұрып, суретке түсіп, ұшқыштарды көргенде олардың арманы оянады. Бұл – болашақта авиация саласына қадам басуға, инженерлік-техникалық бағыттарға қызығушылық танытуға жол ашады. Сондықтан біздің жоба тек әдемі көрініс қана емес, қоғам үшін маңызы зор әлеуметтік жоба. Халық жақсы әсер алып, келесі жылы тағы да асыға күтіп отырса, біз үшін ең үлкен жетістік сол.

мен 10 мыңнан астам көрермен жиналды. «Бұл – Орталық Азияда теңдесі жоқ мереке. Жыл сайын халықтың қызығушылығы артып келеді», – деді Қазақстан шағын авиация қауымдастығының өкілі.

Әуе шоуының ерекшелігі бағдарлама барысында спорттық ұшақтар – «Як-52», «Як-55», «Як-18Т» және «Ми-2» тікұшағы жоғары пилотаждың күрделі фигураларын орындап, аспанды түрлі түске бояған түтін жолақтарын қалдырды. Сонымен қатар, модельтапандардың әуедегі маневрлері, авиамодельдік сайыстар және әуе шарлары ерекше қызығушылық туғызды.

«Ұшақтардың төңкеріліп ұшқанына, парашютшілердің белгіленген аумаққа дәл қонғанына көзіміз жетті. Мұндайды тек теледидардан көретін едік, бүгін өз көзімізбен көрдік», – деді көрермендердің бірі.


Қытай Халық Республикасынан арнайы келген авиафотограф Виктор өз әсерін бөлісті:

«Интернеттен Алматыда осындай әуе шоуы өтетінін көріп қалдым. Ұшқыштар-

дың кәсіби шеберлігі мен әуе техникасының әсемдігі бізді қатты қызықтырады. Сондықтан бұл іс-шараны отбасымызбен бірге арнайы келіп тамашалауды жөн көрдік. Алматы – таулары аспанмен тілдескен көрікті қала екен. Сол табиғи сұлулық пен әуеде қалықтаған ұшақтардың әдемі үйлесімі ерекше әсер қалдырды. Әлемнің әр түкпірінде мұндай авиашоуларға қатысып жүрмін, бірақ Қазақстандағы ұшқыштардың маневр жасау техникасы кәсіби деңгейімен таңғалдырды. Бұл – халықаралық деңгейдегі қойылым», – деді Виктор.

«Әуе шоуын көрген соң балам: «Мен де ұшқыш боламын!» деп армандап отыр. Алғаш рет ұшақтардың бірнеше түрін жақыннан көрді. Бұл оның болашақта авиацияға қызығуына себеп болуы мүмкін», – деп қуанышын жасырмады көрші отырған ата-ана. Расымен де, бұл күнгі әсер жас өрендердің жүрегіне ерекше із қалдырды. Осыдан кейін қаншама баланың жүрегінде «ұшқыш болсам» деген асқақ арман оянғаны сөзсіз.

Әуе шоуы концерттік бағдарламаға



ұласып, қонақтар ұлттық және еуропалық тағамдардан дәм татты.

Авиашоуды Қазақстанның шағын авиация қауымдастығы (КАМА), «Тянь-Шань» авиациялық орталығы және «Отан» аэроклубы ұйымдастырды. «Біздің мақсатымыз – авиацияны көпшілікке жақындату, жас ұрпақтың ұшқыштық кәсіпке қызығушылығын арттыру. Әрбір қатысушы осында жаңа әсер алып, шабыттанып қайтса – біздің еңбегіміздің нәтижесі сол. Биылғы іс-шараға қазақстандық ұшқыштар қатысты. Ал келесі жылы ауқымын кеңейтіп, шетелдік ұшқыштарды да шақыруды жоспарлап отырмыз. Қазірдің өзінде келіссөздер жүріп жатыр», – деді ұйымдастырушылар.

Алматыдағы «Отан» аэроклубының басшысы Юрий Ельцовтың айтуынша, басты мақсат – халыққа, әсіресе жастарға отандық авиацияның әлеуетін көрсету және еліміздің осы саладағы жетістіктерімен таныстыру болды.

«Біз алдағы уақытта да осындай бастамаларды жалғастырып, авиация мерекесін ел күтіп отыратын дәстүрлі іс-шараға айналдыруды көздеп отырмыз. Өткен жылы уәде етілгендей, әуе шоуы дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылатын деңгейге жетіп келеді. Бұл бастама алдағы уақытта да қолдау табатынына сенімдімін. Бүгінгі іс-шара Алматы қаласында ғана емес, облыс көлемінде, тіпті республика бойынша да маңызды оқиғаға айналды. Оған үлес қосқан қатысушыларға ерекше алғыс айтамын. Бүгінгі іс-шараның тағы бір ерекшелігі – мемлекеттік құрылымдармен қатар, жекеменшік компаниялар да өздерінің техникаларын әкеліп, халыққа көрсетуге мүмкіндік алды», – деді ол.



А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180



(Cyber: gov.kz).

ОЙ ӘЛЕМІНІҢ АЛЫБЫ

Қазақтың бас ақынының ой-пайымдары әлі де өзекті

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына – 180 жыл толды. Жаһандану дәуірінде ұлы ойшылдың ой әлеміне үңілсек, оның тұжырымдары әлі де өзектілігін жоймағандығын қоғамдық тіршіліктен көріп, біліп, сезіп жүрміз. Осыған орай әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымының докторы Дандай ЫСҚАҚПЕН сұхбаттасқан едік.



«Адамзаттың Абайы»

Біз қазір ерекше дәуірде өмір сүрудеміз. Хәкім Абайдың XIX ғасырда айтқан пайымдары XXI ғасырға дейін өзекті боп тұр. Қазақтың бас ақынының ұлылығы сонда. Қоғамда оны мойындай бермейтін пәлсапашылар да бар. Біз Абайдың айтқан ой-пікірлері мәңгілік дер едік. Ғаламдық деңгейдегі ғұламалар «данышпан туғызбаған халық – жаңа заманда өмір сүруге хақы жоқ!» деген екен. Әр ұлттың өсіп-өркендеуі үшін құнар беретін ұлы идеялары болуы керек.

Сонда байқап, байыптасаңыз, кез келген халықта рухани тамыр болуы шарт. Қазақтың рухани тамыры тереңде жатыр. Ең тереңге бойлаған, кемеліне келген тұлға ол – Абай! Оған дейін де небір шайырлар мен білгірлер дүниеден өткен. Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Майқы би, Асан қайғы, Бұқар жырау, Мөңке би және басқа да ақын-жыраулар дүниеге, Түркі әлеміне, қала берді қазақ қоғамына танымал болған. Осындай дана тұлғалар біздің рухани өзегіміз болып саналады. Абай өзіне дейінгі ойшылдардың рухани көкжиегін кеңейтіп, идеяларын бойына сіңірді. Өткенді қорытып, шығыс пен батыс әлемінің философиясына бойлап, жаңа кейіпте халыққа паш етті.

Рухани шамшырақ

Абайды осы уақытқа дейін толық түсінбей келеміз. Қазақтың бас ақынының шығармаларын оқу үшін адамға белгілі бір деңгейде саналылық, дайындық қажет. Тіпті, қайталап оқыса да артық емес-ті. Оны ұғу мақсатында оқырманның әлеуметтану, философия, метафизика, жаратылыстану ғылымдарынан хабары болуы қажет. Мәселен, 38-ші қара сөзінде дін туралы айтылады. Осы бөлімін қайта-қайта оқимын. Қара сөздерінде айтатын пікірлер өте маңызды. Мұны ұғыну үшін дінтанушы болған дұрыс сияқты.

Бір таңқаларлығы, XIX ғасырда Ибраһим есімді баланың 3 ай орысша оқып, молдадан араб-парсы тілдерін үйреніп, исламша білім алып, Абай боп

ғаламға танылуы ғажап құбылыс. Өмірде өркениет дамып өзгереді, бірақ тіршіліктің негізгі заңы өзгермейді. Ойшыл Абай «Ақыл өлшеулі – Жаратқан жасаған өлшеусіз» депті. Ойланып қарасаңыз, оны толық түсіну мүмкін емес. Ұлы ақын өмірдің негізгі даму заңдылықтарының мәнін ашып беру арқылы биік дәрежеге жетті. Шайыр өмірдің мәні, адам ғұмырын аса ыждағатты зерттейді. Адам дұрыс бағытта болуы үшін Хақ Тағаланы тану керек деп меңзейді. Бұрын мұндай пікірлер көп айтылмайтын. КСРО заманында бұл жабық тақырып-тұғын. Ең негізгі ойы – «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дейді. О дәуірде мұндайды гуманистер ғана айтып жүрді.

Адам – өз ата-анасын, бауырларын, әйелі мен бала-шағасын, ағайын-туыстарынан артық өзгені жақын тартып кете алмайды ғой. Ал Абай пәлсапасы бойынша «адамзаттың бәрін сүй» дегені – отбасынан басталған сүйіспеншілік рулық, ұлттық, жалпы адамзаттық деңгейге жетуі керек дегенді ұғындырады. Ел арасында «Құдайдан қорықпаған адамнан қорық» дейді. Өйткені, Құдайын танымағандар күллі жамандыққа баратыны анық. Айтылған құндылықтарды орындау үшін сөз, ой, ниет дұрыс болған абзал. Сөйленген сөз – айтушы мен тыңдаушыға жақсы әсер еткені жөн. Істеген іс – өзіңе пайдалы, өзгеге кәделі болса игі. Сөз бен іс қабыққанда адам бақытқа жететін көрінеді. Қазіргі жер жүзіндегі геосаяси ахуалдың күрделенуін осы пайымдаулардан іздесек болады.

Біз әлемде бақытты елдердің ішінде 43-орында тұр екенбіз. Материалдық жағдай бойынша 9-орында тұрмыз. Қазіргі таңда материалдық жағдай жеткілікті болса да, рухани құндылықтар өз деңгейінде емес-ті. Бүгінгінің негізгі проблемасы – адамдар арасындағы қарым-қатынастың жетіспеуінде. Ақынды толғандырған дүние ол – рушылдық деңгейден аспаушылық, одан кейінгі саты – ұлттық деңгейден асып, бүкіл адамзаттық құндылықтарға мән беру еді. Осыдан екі ғасыр бұрынғы қазақ қоғамындағы түйткілдер әлі де толық шешімін таппады.

«Текіден текті туады»

Абай ұлы ойшыл биігіне тектілігінің арқасында көтерілді. Әкесі Құнанбай, арғы аталары Ырғызбай, Кеңгірбайлар мықты, текті нағыз аристократ әулет болды. Шетінен ел билеген, бақуатты адамдар еді. Ойымды тереңнен қауза-йын. Біздер маркстік-лениндік идеямен тәрбиелендік. Сонда сәби жарық дүниеге келген кезде ақ қағаз сияқты, оған не жазсаң, солай тәрбиеленеді дейтін. Ал қазіргі ғылым мұны жоққа шығарды. Жер бетінде 8 миллиардқа жуық адам болса, демек әртүрлі түр, мінез-құлық бар деген сөз. Яғни адамдар бір-біріне ұқсамайды. Біреуі күйлі-қуатты, ендігісі әлжуаз боп келеді. Адамның баршасы табиғи сұрыптаудан, өмір өткелдерінен өтеді. Әр жаратылыстың жақсы, жаман жағы бар. Өмірде озық ойлы азаматтар да болады. Міне, бұндай критерийлер тектілік деген ұғымның мағынасын айқындайды.

Абайдың ата-бабасы халықтың арасынан өсіп-өніп, тағдырдың ащы-тұщы-

сын сезініп, әбден ысылды. Құнанбай – Қазақтың ішінде, Орта жүз, Арғын руы, тобықты тармағына жатады. Бұл өте аз ру екен. Сөйтіп, бұлар тағдыр тәлкегіне түсіп, Жетісуды паналап, оңтүстікке Сыр бойымен ығысып Ырғызға жетіпті. Сөйтіп, Кеңгірбай, Ырғызбайлар – Кеңгір, Ырғыз өзендерінің бойында өмірге келіп, ғұмыр кешіпті. Ақырында жетіліп, Арқадан өтіп, елі Семей жаққа қоныстаныпты.

Жалпы, адам есімінің өзі энергетикалық күш береді. Құнанбай деген есімінің түпкі мағынасы тайдың әбден жетілген кезі ол – құнан. Ал бай – ауқатты, қауқарлы дегенді білдіреді. Көріп тұрғандарыңыздай Гарвард университетін оқымай-ақ, өмірдің сабақтарынан тәжірибе жинақтап, текті әулет дәрежесіне жетті. Сөйтіп, елін, жерін қорғайтын, елге төрелік айтатын, тау тұлғаға айналды. Осылайша Құнанбай әулеті ақылмен, күшпен мықты әулет бола білді. Адамға ата-бабаның бойындағы қасиеттер ген арқылы дариды. Қазақ жеті атаға дейін қан тазалығын сақтау, тектілікке берік болуды әу бастан білген. Халқымыздың дүниетанымында «текті-ден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген ұлағатты сөз бар. Бұл тегі рас сөз екендігін өмірдің өзі осындай оқиғалар арқылы дәлелдеп келеді.

Шәкәрім – Абайдың нағыз шәкірті, ілімін жалғастырушы

Шәкәрім Құдайбердіұлы – өте білімдар, өзі ақын, өзі жазушы, көреген адам болған. Шәкәрім – Абайдың нағыз шәкірті, ілімін жалғастырушы еді. Абайдың кейбір ой-пайымдарын әлі де түсінбедік дейміз ғой. Ал Шәкәрімнің күрделілігі, тереңдігі одан да тереңге тамыр жіберетін сияқты болып көрінеді. Қазақтың бас ақынының дүниетаным-көзқарастарын, парасатты ойларын одан әрі жалғастырды.

Мәселен, бірінші адам болып қалу үшін Хақ Тағаланы сүю, содан кейін адамзатты сүю керек деген пәлсапаны, Ш.Құдайбердіұлы өзінің «Үш анық» деген еңбегінде қаузап зерттегені байқалады. Абай Құнанбайұлы «Адам өлмейді, тән өледі, жан өмір сүреді» дейді. Тарқатып айтқанда, тән адамның киімі сияқты бұл дүниеде қалады да, ал жан бақиға аттанады. Біз – ыстық-суық ауа райын, электрмагниттік толқындарды көрмейміз ғой. Сол сияқты, мәңгілік өмір дегенді айтады. Адам жанын мұсылмандар рух десе, ал қазақтың түйсігіне әруақ боп сіңген. Осындай философиялық ой-пікір, тұжырымды Шәкәрім жетілдіре суреттеп, зерделеген. Ал адам бақытты болу үшін әділетті қоғам қажет. Сонда Ш.Құдайбердіұлы «әділетті болуы үшін бұл дүние мен о дүниенің қажеттілігінде, адамгершілік қасиеттерінде» дейді. Ар-намыс, ұят, махаббат деген қасиеттерді алға тартады. Осы пайымдауларға қарап, Шәкәрімнің өз ұстазы Абайдың ілімін жалғастырып тұрғандығы анық аңғарылады. Ал бұдан шығатын тұжырым адам жанына әрқашан да рухани азық керек дегенді меңзейді.

Қазақ өзінің дүниеге көзқарасында ата-баба аруағына қатты сенеді. Жауға шапқанда да «Уа, әруақ, қолдай гөр!» деп ұрысқа кірген. Бұрынғы Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Наурызбай батырлар әруақ, Құдайды айтып барып,

жауға аттанған. Демек, адамның жаны әруақ, рухпен байланысты деген сөз. Ойымыз бабалар рухымен үндескен кезде, адамға жәрдемдеседі деген түсінік бар. Шәкәрім екі дүниенің мүдесі үшін қызмет етіп, ар-намысын сақтаған, ата дәстүрді қолдаған адам бақытты болады деген Абайдың ойын қуаттайды. XX ғасырдағы қылышынан қан тамған Кеңес өкіметі Шәкәрімді дәріптеуге қарсылық танытты. Өйткені, ол діни көзқарасты ұстанып, зерделеді. Жалпы екеуі де имандылық, саналылық, іздену, ғылыммен шұғылдану сияқты қағидаларға ден қояды.

Сол себептен, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында Шәкәрімнің аты атаусыз қалды. Тіпті, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романына да енбей қалды. Себебі, сол кездегі солақай саясат оған мұрша бермеді. Өйткені, ол екі дүниенің де құндылығын айтып, жазды. Өткенді ұмытпай, бүгінгі күнмен өмір сүріп, болашақты ойлап ғұмыр кешуге нұсқады.

Абайтану – міндетті пән болуы тиіс!

«Абайтану» пәні – Қазақстандағы жоғары оқу орындары, арнаулы оқу ошақтарында, білім орталықтарында жаппай міндетті пән ретінде оқытылса дейміз. Қазір «Абайтану» сабағын таңдау пән ретінде бекітілген. Бұл қайта міндетті пән ретінде студенттерге, магистранттарға, докторанттарға оқытылуы тиіс. Өйткені, хакім Абай қоғамдық, жаратылыстану ғылымдарының бәріне бірдей ой айтқан. Абай ілімі тек әдебиет пен өнер, философия бағытындағылар ғана оқуға тиісті емес-ті. Бұл – экономика, заң, техникалық бағыттағыларға да аса қажетті білім, ғылым. Абайдың айтқан материалдық һәм рухани пайымы бүгінде орындалып жатыр. Қазақ қазақ боламын десе, әлемдік өркениет пен мәдениет шыңына жетуді көздесе, Абайды жаппай оқуы керек. Сонда ғана біздің келешегіміз жарқын болады.

Тарихқа көз жүгіртсек, әлемдік деңгейдегі өркениетке қол созған елдердің бәрінің ұлы адамдары бар. Мысалы, Қытайда Конфуцийді, Өзбекстанда Әлішер Науаиды, Түрікменстанда Мақтымқұлынын баса оқытып, жастарына насихаттайды. Біз батыстық сана-сезімнің жетегінде кетіп барамыз. Бұл жөн емес. Ал Ахмет Ясауидің діни бағыты, түркілік негізі басым. Сондықтан таза қазақшылықты ойлағанда, Абайға келіп тірелеміз.

Осы күні Абайды сынайтындар да жеткілікті. Ол орысша оқуды меңзеді дейді. XIX ғасырда әлемдік кеңістікке шығу үшін орысша оқудан артық мүмкіндік болмады. Әрине, пендешілік қасиет бәрінде болуы ықтимал. Ал шығыстан келген араб-парсы мәдениеті тек қана діни бағытты діттеді. Егер ол таза діншіл болатын болса арабша үйрен дер еді ғой, бірақ олай етпеді. Абай орыс оқымыстылары Ф.Достоевскиймен достық қарым-қатынас ұстанды. Сондықтан ұлыны ұлы ақын, ойшыл, білгір деп мойындап, жас ұрпаққа насихаттап, патриотизмді дәріптеуіміз қажет. Өйткені, Абайдай кемеңгер тұлға кез келген елдің бағына бере бермейтін жарқыраған жарық жұлдыз деп ұғамыз.

**Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 тамыздағы №3/373–1655 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 тамызындағы № 3/373-1655 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 2,3,4,5,6,7,8 жолдары алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1138 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасы-ның «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мо-бильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №34.1-34/1315-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Райымбек даңғылын ұзарту үшін Алматы қаласы, Жетісу және Медеу аудан-дарында орналасқан 150 (жүз елу) жер учаскесін Жетісу көшесінен Шығыс айнал-ма автомобиль жолына дейін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би кө-шесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнама-да белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учас-келерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойын-ша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1138 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушы-ның) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Кембаева Сауле Бейсековна	20-314-037-115	Райымбек даңғылы, 17	жалпы-0,1358 үлесі-0,0663
2	Бадальянц Геннадий Арташесович	20-314-037-115	Райымбек даңғылы, 17	жалпы-0,1358 үлесі-0,0695 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0118
3	Ниязов Рахимжан Маликович, Ниязова Рухан-Буви Абдуллаевна	20-315-045-069	Шерхан Мұртаза көшесі, 49, 1 пәтер	жалпы-0,0508 үлесі-0,0182
4	Мукинова Римма	20-315-045-069	Черкаской обороны көшесі, 49	жалпы-0,0508 үлесі-0,0092
5	Габдушева Светлана Кабденовна	20-315-045-144	Черкаской обороны көшесі, 50	жалпы-0,0649 үлесі-0,0330
6	Колкова Лариса Александровна	20-315-045-144	Шерхан Мұртаза көшесі, 50/32	жалпы-0,0649 үлесі-0,0319

7	Абилтаева Алуаш	20-315-003-205	Коперник көшесі, 72А	жалпы-0,0490 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0123
8	Тохтамова Зарина Фархатовна, Джолаета Рехпер Аршидиновна	20-315-003-244	Коперник көшесі, 76А	жалпы-0,0667 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0062
9	Акционерное общество «Алатау Жарық Компаниясы»	20-315-003-137	Байтуұрсынұлы көшесі, 27	0,0060
10	Мұхаметқали Ұлан Мұхаметқа-лиұлы	20-315-004-025	Шақшақ Жәнібек көшесі, 37	0,0336
11	Радченко Сергей Васильевич	20-315-004-045	Шақшақ Жәнібек көшесі, 15	жалпы-0,0427 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0201
12	Редозубов Сергей Геннадьевич	20-315-004-100	Краснодонская көшесі, 3	жалпы-0,0688 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0141
13	Дианова Анна Анатольевна	20-315-004-140	Учительская көшесі, 64	0,0440
14	Прядко Владимир Иванович	20-315-004-160	Шақшақ Жәнібек көшесі, 35	жалпы-0,0512 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0172
15	Каленова Кульшарван Мукановна	20-315-004-206	Алтайская көшесі, 4	жалпы-0,0603 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0158
16	Зимняк Вадим Олегович	20-315-004-208	Алтайская көшесі, 6	жалпы-0,0602 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0149
17	Кинжибаева Нина Андреевна	20-315-004-222	Учительская көшесі, 66/4	0,0529
18	Исраилов Хасан Шарипович	20-315-004-267	Шақшақ Жәнібек көшесі, 33	жалпы-0,0625 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0357
19	Асадов Кадыр Асадович	20-315-004-295	Шақшақ Жәнібек көшесі, 39	жалпы-0,0974 үлесі-0,0487 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0062
20	Сураева Александра Анатольевна	20-315-004-308	Шақшақ Жәнібек көшесі, 11	жалпы-0,0817 үлесі-0,0398
21	Вантеева Ирина Викторовна	20-315-004-308	Шақшақ Жәнібек көшесі, 11	жалпы-0,0817 үлесі-0,0419
